
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРАВОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ LEGAL GROUNDWORK OF PUBLIC ADMINISTRATION

УДК 342.25 (574)

Н. М. Примашев,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы «Мемлекеттік
басқару және Мемлекеттік қызмет»
кафедрасының доценті, з.ғ.к.

ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ: ҚАҒИДАТТЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласы заңнамасындағы қарама-қайшылықтары қарастырылған. Қателер құқықтық және тілдік контент-талдау әдісі арқылы зерттелген. Кезінде жіберілген қателерді құқықтық және лингвистикалық мониторинг арқылы түзету негізделген.

Тірек сөздер: жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару, конституция мен салалық заңнама нормалары, құқықтық дефект, тілдік қате, құқықтық және лингвистикалық мониторинг.

Аннотация

В статье рассматриваются противоречия законодательства Республики Казахстан в сфере местного государственного управления и самоуправления.

Ошибки изучены посредством правового и языкового контент-анализа. Обосновано исправление допущенных в свое время ошибок с помощью правового и лингвистического мониторингов.

Ключевые слова: местное государственное управление и самоуправление, нормы конституции и отраслевого законодательства, правовой дефект, языковые ошибки, правовой и лингвистический мониторинг.

Abstract

The article deals with the contradictions of the legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of local public administration and self-government.

Mistakes were studied by means of legal and linguistic content analysis. There were justified the correction of the mistakes made in due time by means of legal and linguistic monitoring.

Key words: local public administration and self-government, standards of the constitution and sectoral legislation, legal defect, language mistakes, legal and linguistic monitoring.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мемлекеттік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан мемлекеттік басқару жергілікті басқару саласындағы құқықтық қатынастарды сапалы реттеуге де тәуелді. Сапалы реттелген жергілікті басқару – сапалы мемлекеттік басқарудың кепілі.

Құқық – мемлекеттік биліктің кез келген институтының мәртебесін реттейтін бірден-бір құрал. Қоғамдық қатынастарды реттеуші өзге де әлеуметтік нормалар бар. Мақала объектісі болып отырған салада да ондайлар жеткілікті. Бірақ ерекше реттеліп, ресімделіп, мемлекет беретін заңдық күшке ие болатын тек құқық болып табылады. Сондықтан оның сапасы жергілікті биліктің қатынастарды реттеуге ғана емес, бүкіл мемлекеттік билік пен басқаруды жүзеге асыруға тікелей әсері бар.

Қазақстан Республикасында құқықтық нормалардың сапасына теорияда да, тәжірибеде де, өкінішке орай, назар аз аударылады. Тіл мамандарының заңнама лексикасына арнаған еңбектері кездесіп қалады. Жалпы тәжірибеде сапа орнына сандық, пафостық мақалалар басым. Қазақ тіліндегі ұлттық заңнама сапасына арналған құқықтық-тілдік талдау жұмыстары өте аз. Атқарылған жұмысқа талдау жасалмайынша, алға жылжу мүмкін емес. Оған да әлеует қажет. Өзірге сол жағы жетіспейді. Сондықтан құқықтық нормалардың қатары

күннен-күнге кемшілікті нормалармен толықтырылуда. Олардың қатарында құқықтық та, тілдік те мәселелі нормалар бар. Теріс тәжірибеден айырылу орнына, субъективтік және объективтік себепті жағдайларда туындаған, кемшілікті нормалар толостар емес.

Сондай кемшіліктердің біразы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласында орын алып келеді. Құқықтық кемшіліктер Конституцияда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңында¹ және өзге де заңнамалық актілерде, жергілікті нормативтік құқықтық актілерде кездеседі.

Қазақстан Республикасы Конституциясы 89-бабының 2-тармағында «жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылады» делінген. Осы баптың екінші абзацы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкін. Яғни жергілікті өзін-өзі басқаруды тек үш-ақ субъект атқара алады: халық, ол құратын жергілікті өзін-өзі басқару органдары және мемлекеттік басқару органы – мәслихат². Ал «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның 1-бабының 1-тармағында «**әкім ... өзін-өзі басқару функциялары берілген ...** Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілі» делінген (бүкіл мәтінде ерекше көрсеткен мен. – Н.П.). Осыған орай, нормадан өзін-өзі басқару табиғатына қатысты қағидатты сұрақтар туындайды. Жергілікті мемлекеттік басқару субъектісіне өзін-өзі басқару функцияларын кім берген? Заңда ол туралы айтылмаған. Мұндай жағдайда заңсыз өздігінен иемдену мүмкін бе? Белгісіз. Жақсы, тиісті аумақтағы бүкіл іске жауапты тұлға ретінде әкімге өзін-өзі басқару функцияларын да атқарған артық емес шығар. Бірақ аталған заңда да, Конституцияда да олай көрсетілмеген. Соған қарамастан, осы баптың 4) тармақшасында жергілікті мемлекеттік басқарудың келесі субъектісі – жергілікті атқарушы органды (әкімдікті) – **«өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын ... орган»** деп те көрсетілген. Бұл норма да жоғары заңдық күшке ие Қазақстан Республикасы Конституциясының тиісті нормаларын өрескел бұзу болып табылады.

Құқықтық қатенің мұнан да зоры келесі 5) тармақшада бекітілген. Онда «жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган ... өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға **әкімдік уәкілеттік берген**, тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме» делінген. Яғни, заң бойынша алдыңғы тармақшада көрсетілген, құқықтық табиғаты заңсыз құзыретті иемденген субъект өзінен төмен тұрған мемлекеттік басқару органына, ол да өз кезегінде, өзінен төмен тұрған мемлекеттік органға жергілікті өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға уәкілеттік береді. Сонымен, аталған жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын заңсыз иемденгендер: әкім – әкімдік – жергілікті атқарушы органдар онсыз да заңсыздықты заңсыздыққа айналдырып, туынды заңсыздық тудырып отыр! Мұндай тәжірибенің ғылыми әрі дұрыс атауы «құзыреттерді заңсыз иемдену» болып табылады. Жалпы құқықта ол үшін жауапкершілік те белгіленген. Міне, мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаты – заңдылық қағидатын сақтамау қайда жатыр!? Бұл ретте де Конституцияның жоғары заңдық күші қағидатының ескерусіз қалғанын мойындау қажет!

Аталған заңсыздықтарды заңды мойындау осы Заңның өзінде орын алған, өйткені оның кейінгі баптарында бекітілген нормалар 1-баптағы «маңызды» ұғымдар мен нормаларға қарама-қайшы. Мысалы, Заңның 29-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес «облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қаладағы ауданның, астанадағы ауданның) әкімдері арқылы **жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды**». Бұл ретте

¹ Бұл Заң туралы кезінде жазылған болатын. Бірақ әр оқыған сайын жаңа кемшіліктер шыға беретін нормативтік құқықтық актілерге тән қасиет бұл Заңға да қатысты екен. Өз еңбегіне сілтеме жасау ғылыми этикаға жатпайды, бірақ салалық заңнама қателерін салыстыру үшін қайта көрсеткен артық болмас.

² Мемлекеттік органды қаламның ұшымен жергілікті өзін-өзі басқару органына айналдыру да үлкен мәселе. Бұл – конституциялық мәселе өзге мақаланың объектісі бола алады.

«өзара іс-қимыл жасау» мен «жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асыру» ұғымдарының арасы өте алшақ екені дәлелдеуді қажет етпейді. Тіпті бір-бірімен тікелей байланысы жоқ деуге тұрарлық! Дәл осындай «өзара іс-қимыл жасау» аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің (33-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы), қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің (35-баптың 1-тармағының 15) тармақшасы) құзыретіне де кіреді. Яғни Заңның 1-бабында көрсетілген «жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыру» функциясы әкімдердің құзыреттерінде бекітілмеген. Заңның ішкі қарама-қайшылығы деген осы! Осындай жағдайда мемлекеттік басқарудың басты қағидаты – заңдылық қағидатының тағы да мақсаттан тысқары қалатыны анық. Мұндай жағдайда құқықтық сапа мен құқықтық техникада талаптары да ескерілмейді.

Осы Заңда құқықтық ұғым мен техника тұрғысынан нақтылауды қажет ететін бірқатар түсініктер мен сөз тіркестері кездеседі. Мысалы, 1-бапта бекітілген анықтамалардағы «басқару схемасы – ... атқарушы органдар жүйесі», «жергілікті қоғамдастық жиналысы – ... жергілікті қоғамдастық өкілдерінің қатысуы», «жергілікті қоғамдастық жиыны – ... тұрғындардың тікелей қатысуы» және т.с.с. қисындық байланыс жоқ сияқты (екі тілдегі мәтінде де!). Дәл осындай көзқарас «ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау» деген тіркеске де қатысты. Ұлттық және Қазақстан Республикасының мүдделерінің өзге болуы нонсенс!

Қарастырылып отырған Заңдағы әкімшілік-аумақтық бірліктерге жатпайтын «ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауыл» деген әкімшілік-аумақтық бірліктер «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңында көрсетілмеген. Оның 1-бабында «Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс» – делінген.

Заңның 3-бабында көрсетілген «ерікті түрдегі алым» орыс тіліндегі «добровольные сборы» дегеннің нақты баламасы емес, өйткені «алым» деген сөз әмір беріп тұрған, яғни еріксіздікті білдіретін басқа біреуге қатысты сияқты.

Жергілікті мемлекеттік органдарды құруға қатысы бар «сайлау туралы заңдарымен», «сайлау туралы заң актісіне», «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында» деген сөз тіркестерін біріздендіруге болады. Дәл осындай әдісті «еңбек рыногы» мен «еңбек нарығы» деген баламаларға да қолдану қажет.

Келесі **«облыстың аудандық жоспарлану схемасын**, облыс орталығын, республикалық маңызы бар қаланы және астананы салудың бас жоспары жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу, **әкімшілік аудандардың аудандық жоспарлануы** жобаларын» деген нормадағы ерекше көрсетілген сөз тіркестері түсіндіруді қажет етеді, өйткені оларды қарапайым азамат түгілі, басқару мамандарының өздері түсінбей жатады.

6-баптың 5-тармағындағы «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары қоршаған ортаға жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін, орман пайдаланғаны үшін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін эмиссия үшін» деген сөйлем орыс тіліндегі нұсқасына сай емес. Бұл жерде аударма мәселесі «эмиссия» сөзіне қатысты.

Келесі баптың 5-тармағындағы «Мәслихаттардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес келмейтін шешімдерін мәслихаттың өзінің жоюы не сот тәртібімен жойылады» деген нормада үйлесімдік жоқ.

Бір жағынан «негіз болған ерекше мәселелер қаралуы мүмкін» деген жолдар «могут рассматриваться исключительно вопросы, послужившие основанием» дегеннің баламасы болуы да мүмкін, бірақ бұл жерде «ерекше» сөзі «исключительно» дегеннің мәнін толық бере алмайтыны анық.

10-баптың 1-тармағындағы «тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы» мен 11-баптың 2-тармағындағы «тиісті сайлау комиссиясының төрағасы» деген лауазымды тұлғалар бір ме бөлек пе белгісіз. Мұндай құқықтық нормалық белгісіздік заңның тиімділігіне қарсы болатыны анық (орыс тіліндегі нұсқа да осындай).

14-баптың 5) тармақшасындағы «мемлекеттік органдар, ұйымдар, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерін» тіркесте аударма қатесі орын алған сияқты, өйткені оның орыс тіліндегі нұсқасында «государственных органов, организаций, иных органов местного самоуправления» делінген, яғни «өзге де» деген сөзі «органдары» сөзінің орнына «жергілікті өзін-өзі басқару» сөзімен байланысты болуы қажет сияқты.

20-баптың 3-тармағы 1) тармақшасындағы «депутат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депутаттық міндеттерді орындаумен сыйымсыз лауазымға сайланса немесе тағайындалса» деген норма осы тармақтың 10) тармақшасындағы «облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының төрағасы немесе тексеру комиссиясының мүшесі қызметіне тағайындалса» деген нормамен қарама-қайшы сияқты. Яғни депутаттық қызметті мерзімінен бұрын тоқтатуға мүмкіндік беретін 10) тармақшадағы негіз 1) тармақшадағы негіздердің құрамына кіреді.

21-баптың 1-тармағындағы: / 7) мәслихат пен оның органдары отырыстарының стенограммаларымен және хаттамаларымен танысуға; / 8) фракциялар мен депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құруға **құқылы**; / 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және мәслихат регламентінде көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға **құқылы**» деген тіркес қазақ тілінің грамматикасына сай емес, өйткені сөйлемде «құқылы» сөзі екі рет қолданылған. Қазақ тілінің ережелері мен қисынға сәйкес 8) тармақшадағысын алып тастау қажет.

Қолданыстағы заңнаманың өрескел құқықтық қателерінің бірі осы Заңның 21-2-бабының 1-тармағында жіберілген. Оның екінші нормасында «Тексеру комиссиясының төрағасы және мәслихат хатшысы депутаттық бірлестіктерге кіре алмайды» делінген. Қазіргі уақытта мәслихаттарда тұрақты қызмет атқаратын бір-ақ лауазымды тұлға бар. Ол – мәслихат хатшысы. 2011 жылғы 21 шілдеде Заңның 16-бабы алып тасталды, яғни тексеру комиссиялары облыстық деңгейдегі жеке мемлекеттік орган болып құрылды. Қазір «мәслихаттың тексеру комиссиясы» деген ұғым да, оны басқаратын лауазым да жоқ! Сондықтан мәслихаттағы «Тексеру комиссиясының төрағасы» - құқықтық қате³.

Осы баптағы «фракция» және «депутаттық топ» деген ұғым / анықтамаларды Заңның 1-бабына жіберсе, қисынды болар еді.

Құқықтық мәні мәселелі «тиісті мәслихат аумағында орналасқан / расположенные на территории соответствующего маслихата» деген сөз тіркестері де мәслихаттардың мәртебесіне сәйкес нақтылауды қажет етеді.

25-1-баптағы «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының құрылымы тексеру комиссиясының төрағасынан, тексеру комиссиясының төрт мүшесінен және тексеру комиссиясының аппаратынан құралады» деген нормада құқықтық нақтылық жетіспейді. Құрылым бес лауазымды тұлғалардан тұрады деген ұғым сенімсіздік танытады (мәселе мүмкін орыс тіліндегі нұсқада болар. Ол бойынша – «Структуру ревизионных комиссий областей, городов республиканского значения, столицы образуют председатель ревизионной комиссии, четыре члена ревизионной комиссии и аппарат ревизионной комиссии»)⁴.

27-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы «аудандық жоспарлану схемаларын, аудан орталықтарын, облыстық маңызы бар қалаларды **сатудың** бас жоспарларын әзірлейді» деген норма аударма қателердің ең өрескелісі деуге болады⁵. Келесі 19) тармақшада «әкімдіктерінің» дегеннің орнына «әкімдіктердің» сөзі сұранып тұр.

³ Мәслихатқа қатысты өрескел қатенің бірі, менің ойымша, Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңында орын алған. Оның 19-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы бойынша нотариустың «өкілді органға депутат болып сайланған жағдайда нотариус міндеттерін орындауға» құқығы жоқ! Жоғарыда көрсетілгендей мәслихатта тек хатшы ғана тұрақты қызмет атқарады. Мәслихатқа депутат болып сайланғанда нотариус өзінің және отбасының өміріне қажетті күн көру қаражатын қайдан алуға тиіс? Әлде ол депутат болмауы қажет пе?

⁴ Дәл осындай сұрақ «тексеру комиссияларының бақылау қызметін жоспарлау тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде жүзеге асырылады» деген нормадан да туындайды.

⁵ Заңның «Заң» деректер базасындағы, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің ресми веб-

Осы баптың 7) тармақшасындағы «коммуналдық меншіктегі су құбырларын, тазарту құрылыстарын, жылу және электр желілерін және республикалық маңызы бар қаланың, астананың басқа да көлік және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерін салу мен пайдалануды ұйымдастырады» деген нормада «облыстың» деген сөз қалып кетпеген бе? (орысшасында да солай).

Осы бапта Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңына және құқықтық техника талаптарына сай келмейтін қате жіберілген. Баптың 1-тармағында: «30) әлеуметтік шиеленіске және еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне мониторингті жүзеге асырады; / 30) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды, – деген екі тармақша бар. Екінші 30) тармақшадағы «жеке адамдар» деген орыс тіліндегі «физических лиц» дегеннің баламасы емес. Оның орнына «гражданин / азаматтардың» дегенде дұрыс болар еді. Дегенмен, «жеке тұлға / физические лица» деген ұғым азаматтық құқыққа тиесілі. Сонымен қатар, бұл тармақшаның «дене шынықтыруды және спортты дамыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады» деген 27) тармақшаға қатысы бар ма?

Облыс әкімінің Заңның 29-бабында бекітілген: / 6) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық, республикалық маңызы бар қаладағы аудандық, астанадағы аудандық) әкімдіктер мен әкімдер жұмысын үйлестіреді; / 13) төмен тұрған әкімдердің қызметін бақылауды жүзеге асырады» деген құзыреттерінің бір-біріне қатысы жоқ па?

Облыстық және қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ деңгейінде реттелетін су қатынастары аудан деңгейінде реттелмейді деуге сену қиын, бірақ аудандық биліктерде мұндай құзырет бекітілмеген.

31-бапта көрсетілген аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) әкімдіктің ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған облыстық қаржы жоспарын бекіту құзыретін бірден ұғу қиын.

Осы баптағы «іске асырылуын жүзеге асырады / осуществляет реализацию» деген тавтологиядан арылудың жолдары бар.

Заңның «34-бап. Республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандық, аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық, ауылдық округтік әкімдіктер / Республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудандық, аудандық маңызы бар қалалық, кенттік, ауылдық, ауылдық округтік әкімдіктер құрылмайды» деген қарама-қайшылы нормасындағы биліктік құрылымдарды Заңның құрылымдық бірліктерді реттейтін тиісті баптарына қосу арқылы кемшілікті шешуге болатын еді.

Жергілікті мемлекеттік билікті жүзеге асыратын және ол үшін жауап беретін «облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппаратын тиісінше облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және ұйымдастырады» деген норманың шынайы күші жоқ. Жоғары тұрған басшы қызметін ұйымдастыратын құрылымды құруға билік иерархиясында одан төмен тұрған құрылымға жүктеу қисындық және құқықтық нонсенс!

Жергілікті өзін-өзі басқарудың табиғаты мен технологиясы, жалпы қисын тұрғысынан 39-3-бапта бекітілген «сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ» деген норманың қажеттілігін, оның құқықтық маңызы мен мәнін де талқылауға болады.

Сонымен, жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың құқық негіздерінің бірінен осыншама қарама-қайшылықтар табылып отыр. Көрсетілгендердің өзі олардың тек кейбіреулері ғана. Ал қолданыстағы заңнамада олардан да басым кемшіліктердің кездесетіні хақ. Сондықтан бұл сала да құқықтық та, лингвистикалық мониторинг жүргізуді қажет етеді. Мемлекеттік басқаруда сапалы заңнама ғана заңдылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» АҚЖ. (04.10.2015).
- 2 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 21 қаңтардағы Заңы // «Әділет» АҚЖ. (04.10.2015).
- 3 Примашев Н.М. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару заңындағы қазақ тілі мәселелері // Заңгер. – 2010. – № 8 (19). – 25–27 б.

Дата поступления статьи в редакцию 27.10.2015